

Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

**23.05.2025 ж. №15 бюллетенге түзету**

**2025 ж. «26» мамыр күніне арналған**

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі  
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені**

**(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 25 мамыр сағат 20:00-ден 26 мамыр сағат 20:00-ге дейін)**

***құрастырылған күні: 25.05.2025 ж.***

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32  
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және  
селді болжау басқармасының  
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Пірімжар А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz





**2025 жылғы «26» мамырға  
Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру**

Облыстар	Сел қауіп бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	<p>Қар жамылғысы 3500 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4190 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдануы жоғары. 26 мамырда жаңбыр (1-14 мм), кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай. Кей жерлерде бұршақ, дауыл болады. <b>Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b></p>
Шығыс Қазақстан	Қазақстандық Алтай	<p>Қар жамылғысы 1500 м-ден жоғары биіктіктерде сақталуда. 26 мамырда түнде кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-17 мм), бұршақ, дауыл болады. <b>Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b></p>

**Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)**

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)**

## Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері <math>\geq 30</math> мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері <math>\geq 40</math> мм</p>	<p>Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (<math>\geq 40</math> мм)</p>	<p>Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (<math>\geq 40</math> мм) жауу ықтималдығы</p>	<p>Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (<math>\geq 40</math> мм) жауу ықтималдығы</p>	<p>Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «26» мамырға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай. Кей жерлерде бұршақ, дауыл болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с, екпіні 18-23, кей уақытта 28 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 8-13 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 4-9 градус жылы.
Күнгей Алатау	Кей уақытта жаңбыр (1-14 мм), найзағай болады. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 13-18 градус жылы.
Теріскей Алатау	Таңертең және күндіз жаңбыр (1-14 мм), найзағай болады. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 15-20 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей уақыттарда жаңбыр (1-14 мм), найзағай болады. Батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. <b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 12-17 градус жылы. <b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 7-12 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, бұршақ болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 18-23 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, бұршақ болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 18-23 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Өгем жотасы	Өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 23-28 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 25-30 градус жылы.
Сауыр	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, күндіз бұршақ болады. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, кей жерлерде 5, күндіз 13-18, кей жерлерде 8 градус жылы.
Тарбағатай	Жаңбыр (1-14 мм), күндіз найзағай, бұршақ, дауыл болады. Жел солтүстік-батыстан, солтүстіктен соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 25 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 13, күндіз 12-17, кей жерлерде 20 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1-10 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-17 мм), бұршақ, дауыл болады. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 13-18 градус жылы.